


Мектепті басқару моделі



Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтерді. Сол себепті мектепті басқару үдерісінде тарихи сананы әлемдегі білім саласы озық елдердің тәжірибесімен үндестіргенді жөн көрдім.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ошақ қасиетті де қастерлі дүние болып саналады. «Ошағы құлап, оты сөнү» бір шаңырақтың тыныс-тіршілігі тоқтағандығын білдірген. Кез-келген елдің оттай жанып-жарқырауы білім саласының мықтылығының нәтижесінде көрінеді. Сондықтан білім беру ошақтарын басқару моделі сапалы да, саналы құрылғанда ғана жемісті нәтижесін бермек. Майкл Фулланның «Жетістік үшбұрышында» атап көрсеткен үш факторды сол ошақтың үш бұтына теңегенім, қазанның қайнауы мен оттың сөнбей жануы үш бұтының сапасына байланысты. Мектеп қазанын қайнатуда, мектептің зерттеу сұрағы, ұстанымы, құндылықтарға назарға алынуы тиіс. Білім мен тәрбие – шексіз. Адам өмірге келгеннен үздіксіз білім мен тәрбие алып өтеді. Білім ошағының сөнбес шексіз оты – ол білім мен тәрбие болып қала бермек. Ал қазан ішінде қайнатын жұмыстар: Ричард Дюфор, Ребекка Дюфор, Роберт Икер жұмысындағы негізгі үш идея мен оқыту мен оқу тәжірибесін жақсартуға бағыттайтын 4 шешуші сұрақ коучинг, тәлімгерлік үдерісі, Lesson Study, әртүрлі кеңес шаралары арқылы жүзеге асырылып отырады. Бұл сол қазан ішінде қайнайтын жұмыстың жеті қыры десек те болады. Қазан ішінде біте қайнаған жеті қырлы процесс мектеп мақсатына қол жеткізуге, яғни сапалы өнім алуға ықпал етеді.